

Қарағанды мемлекеттік медицина университеті
Иммунология және аллергология кафедрасы

**Балаларда аллергия шақыратын
заттар**

Орындаған: Козыбағар А
Дүйсен Н
3-049 топ ЖМФ
Тексерген: Қожанова Р.Т

Қарағанды 2016
ж.

Жоспар

- o Кіріспе
- o Аллергия
 - Балалардағы аллергия түрлері
 - Тағамдық аллергия
 - Клиникалық көрінісі
 - Емі

Кіріспе

0 Қазіргі таңда балалар арасында аллергиялық аурулар жиі кездеседі. Балаларының денсаулығы үшін ата-ана уайымға салынатыны белгілі. Аллергиямен жиі анасы арқылы қоректенетін сәбилер көп ауыруда. Оның негізгі себебі- тамақ құрамы, өсімдік шаңы, гигиеналық заттар, ойыншықтар. Назарларыңызға балалар сырқатының себептері, белгілері, емдеу жолдары жөнінде ақпарат ұсынамыз.

0 Аллергия – жас талғамайтын ауру. Бұл кез келген адамда, кез келген жаста дамидын, тіпті емізулі сәбилерде де кездесетін сырқат. Балалар аллергиясы аллергологияның ерекше бір саласы. Ол балалардағы аллергиялық ауруларды зерттейді. Әлемде әрбір бесінші бала аллергиядан зардап шегеді. Сондықтан бұл сала әлем дәрігерлері үшін аса маңызды. Аллергия сөзі грек тілінде «бөгде затқа реакция» деген мағынаны білдіреді. Ол – ағзаның қарапайым жағдайда зиянсыз заттың, аллергеннің мөлшеріне жоғары сезімталдық реакциясы.



- 0 Ең көп тараған аллергия түріне: шөпке және ағаштарға, жәндіктердің уына, үй шаңына, жануарлардың, құстардың жүндеріне, қауырсындарына реакция беруі жатады.
- 0 Аллергендер шартты түрде тағамдық, биологиялық, химиялық, дәрілік болып бөлінеді.
- 0 Дәрілік аллергия да қазір кеңінен етек алды. Ол сәбилерге арнайы дайындалатын сироп, суспензия және т.б. тәтті сұйықтық дәрілерді берумен байланысты.

Баладағы антибиотиктен аллергия



0 Тағамдық аллергия көбінесе емізулі балаларды жасанды қоректендіруге ауыстыру, қосымша тамақты енгізу кезінде көп кездеседі. Бұл жерде аллергия шақыратын тағамның түрімен қатар, мөлшеріне де байланысты. Мұндай жағдайда аймақтық дәрігермен кеңескен жөн. Егер баланың ата-анасында, ата-әжесі, жақын туыстарында (тұқымдарында) бронх демікпесі болса, гипоаллергенді тағамдарды қолданғаны дұрыс.

Клиникалық көрінісі

- 0 Қолында, бетінде, аяғында қызыл бөртпелер
- 0 Жоғары температура
- 0 Мазасыздық
- 0 Тершеңдік-көп мөлшерде
- 0 Қышыну сезімі
- 0 Жасыл түстес құсық, иағам қабылдаумен байланысты
- 0 Ісінулер
- 0 Түшкіру, мұрын бітелу, жөтелу



Лицо



Локти

Колени

- 0 Аллергия қандай да бір зат тудырғанына байланысты маусымдық және созылмалы болып келеді. Созылмаы аллергияда аллерген үнемі адамға әсер етеді, ал маусымдық аллергия – белгілі бір жыл маусымында ғана көрініс береді. Ересек балалармен салыстырғанда жас сәбилерде аллергия жиі кездеседі.
- 0 Соның ішінде емізулі балалар **атопиялық дерматит** диагнозымен жатып ем қабылдайды.

- 0 Бұл – балалардағы аллергияның терілік түріне жатады. Тұрмыста "диатез" деген атпен таныс бұл ауру емізулі балалардың бетінде, құлақ сырғалықтарында, бастың шашты бөлімінде қызыл қабыршақтанатын дақтар.
- 0 Мұндай жағдайда бірінші дәріханаға емес, аллерголог маманға жүгіну керек.
- 0 Себебі мұның соңы аллергиялық есекжем немесе бронх демікпесіне ұласуы мүмкін. Сонымен қатар, балаларда «аллергиялық көгерулер» – көздің айналасы қараюы мүмкін. Көз, тыныс алу жүйесі, тері және ішек жолдары аллергиялық реакцияға аса сезімтал болғандықтан, бұл сырқатпен ауыратындар көп.



- Тағамдық аллергияға көбінесе 3 жасқа дейінгі балалар бейім болады. Ал аллергия тудыратын тағамдар алуан түрлі. Солардың бір нешеуіне тоқталып өтсек.
- Жиі балаларда аллергия шақыратын ол сиыр сүті. Ол баланы жасанды тамақтандыра бастағанда болады. Бұндай жағдайда негізі соя ақуызы болатын адаптирленген тағамдар қолданған жөн. Сүттегі ақуыздар жоғары температураға бейім болады. Сол үшін пісірілген сүттің өзі аллергия шақырады. Көптеген тағам құрамына сүт кіретіндіктен, аллергияны балаларда басқа заттар да тудыруға қабілетті. (сары май, ірімшік, балмұздақ)

Күшті аллергиялар

- 0 Ең күшті аллергия-**балық**. Кейде балықтың иісі де аллергия бола алады. Балаларда аллергия- балықтың кейбір түрлеріне немесе теңіз балығына, көлдің балығына аллергия болуы мүмкін. Балаларда аллергияны краб, уылдырық тудырады. Балада балық майына аллергия болған жағдайда оған құрамында балық майы бар заттарды беруге мүлдем болмайды.
- 0 Балаларда аллергия болып жұмыртқа ағы да саналады. Бірақ кейбір балаларда оның сарысы да аллергия болады.
- 0 Аллергиялық реакцияны шақырушы құс еті, басқа құстардың жұмыртқасы да бола алады. Көп жағдайда, есейе келе балалардағы бұл заттарға деген аллергия жойылады.



Аллерген түрлері

- 0 Балаларда жиі аллергия шақырушы заттарды топтарға бөлетін болсақ, оны 3 топқа жіктеуге болады.
- 0 1- топ. Бірінші топқа ең жиі аллергия шақырушы заттар. Олар-балық, еттен жасалған сорпа, теңіз өнімдері, ұннан жасалған тағамдар, бұрыш.
- 0 Жемістерден-күлпынай, қызанақ, ананас, сәбіз, цитрустық жемістер т.б. Сонымен бірге-жаңғақ, анар, кофе, какао, саңырауқұлақ. Егерде 3 жасқа дейінгі балада осы аталған заттарға аллергия болатын болса, бұл тағамдарды балаға беруге болмайды.

Екінші топ

- 0 Екінші топқа аллергендік қасиеті төмендеу заттар кіреді. Олар-сүт,гречка,қызылша,сүт өнімдері.Құс еті,сиыр еті,соя,қант,банан,картоп.
- 0 Жемістерден-өрік,жидек,қарақат.Балаға бұл заттарды берген жағдайда,қайталап берер алдында бірнеше минут күтіңіз.
- 0 **Соңғы топқа** -аллергендік қасиеті төмен тағамдар жатады. Ол-шошқа еті,жылқы,қоян еті,қышқыл өнімдер. Өсімдіктерден-алма,алмұрт,бидай т.б.Бұл заттарды дұрыс қолдана алған жағдайда,бала рационына енгізуге болады.
- 0 Ең бастысы-аллергия қауіпін болдырмау мақсатында оны дұрыс қолдана білу қажет.



PH.COM

Емі

- 0 Анасы гипоаллергенді диета ұстауы керек. Сәбидің өмірінің алғашқы күндерінде киімін тек балаларға арналған сабынмен жуу қажет. Аллергияға қарсы арнайы балаларға арналған сабын, ұнтақтармен баланы жуындыру және киімін міндетті түрде үтіктеу.
- 0 Аллергия байқалған жағдайда, дер кезінде дәрігерге қаралу, жазылған препараттарды қабылдау, ауруды жеңілдетіп қана қоймай, оның жазылуына септігін тигізеді.



Қорытынды

Балалардың тамағы ересектерден бөлек болуы керек. Анасы оны жасанды қосымша тағамдермен қоректендіру алдында дәрігермен ақылдасуы қажет. Себебі дұрыс таңдалмаған тағам, балада аллергия, аурушандыққа алып келеді.

Кей жағдайда балаларда ұзақ уақыт аллергиямен ауырғанда, емделмеген жағдайда ол бронх, тыныс ауруларына алып келуі мүмкін. Сондықтан дер кезінде дәрігерге қаралу тиіс.

Қолданылған әдебиттер

- 0 <http://www.allwomens.ru/14925-produkty-vyzyvayuschie-allergiyu-u-detey.html>
- 0 http://allergomedcenter.ru/produkty_pishhevujy_allergijy
- 0 <http://1useful-site.ru/produkty-vyzyvayushhie-allergiyu-u-vzroslyx-i-detey.html>
- 0 <http://allergiik.ru/u-grudnogo-rebenka.html>